



«Бекітемін»

КР ОАМ «Балаларды ерте дамыту  
институты» РММ директорының м.а.

М. Ерманова

08 2024 ж.

**«Менің қауіпсіз әлемім» мектеп жасына дейінгі балалардың  
қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша республикалық  
бейнероликтер байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Менің қауіпсіз әлемім» мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша республикалық бейнероликтер байқауын (бұдан әрі – Байқау) үйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. **Мақсаты:** балаларды өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігіне саналы, жауапты қарауға үйрету, қауіпті жағдайларда жылдам әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

**1.3. Міндеттері:**

- балалардың өмірін сақтау;
- балалар қауіпсіздігі мен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауға қоғамның назарын аудару;
- балалардың қоршаған ортада қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- қоршаған ортада (балабақшаның аумағында, ойын аланында, балабақша ғимараты және т.б.) балаға жайлы, қауіпсіз ортаны құру;
- балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтерді қолдау;
- педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;
- ата-аналармен ықпалдастықты дамыту;
- қоғамды қауіпсіздікті сақтауға жан-жақты насихаттау.

**2. Байқауды үйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Байқауды үйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-сі

2.2. Байқау I кезеңде өткізіледі:

2.3. Байқаудың материалдарын бағалау үшін (құрамы кемінде 7 адам) комиссия құрылады.

2.4. Байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;

- ұзактығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.6. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.5. Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

- 1) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-косымшасы)
- 2) Бейнероликтерге қойылатын талаптарға (5 тармақ) сәйкес түсірілген **бейнематериал**.

2.6. «Менің қауіпсіз әлемім» бейнероликтер байқауының атауымен 2024 жылғы «3» қыркүйектен кешіктірілмей Институттың [i-rrd2021@mail.ru](mailto:i-rrd2021@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары.**

3.1. Байқауға келесі **бағыттар бойынша** күні бойы мектепке дейінгі үйымда, балалардың түрлі әрекеттерінде балалар қауіпсіздігін сақтау бойынша әзірленген (қоғамды қауіпсіздікті сақтауға насихаттайтын) анимациялық, мультимедиялық бейнероликтер жолданады:

- жасанды интеллект арқылы жасалған бейнеролик;
- анимациялық бейнеролик;
- балалардың, педагогтердің, ата-аналардың қатысуымен қауіпсіздікті сақтау бойынша бейнеролик.

3.2. Байқау меншік нысанына және ведомстволық бағыныстырығына қарамастан мектепке дейінгі үйымдар арасында педагогтер мен ата-аналардың қатысуымен өткізіледі.

3.3. Бейнеролик әзірлеуде балаларды белсенділікпен қатыстыруға мән беру.

3.3 Байқауға бір автор берілген бағыттар бойынша ұзактығы 2 минуттан аспайтын 1 бейнеролик ұсынады.

3.3. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ трансляциялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың Ұйымдастыру комитетіне тиесілі, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.4. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығын, Байқау өткізу шенберінде дербес деректерді өндөуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

### **4. Бағалау критерийлері**

4.1. Орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- идеяны, сюжетті іске асыруда стандартты емес көзқарас;
- берілген бағыттарға сәйкестігі;
- бейнероликте артық дыбыстардың болмауы;
- шығармашылық тәсіл;
- баяндау сауаттылығы (титрлер, дыбыстай);
- сурет, бейне сапасы;

- идеяның, тақырыптың өзектілігі;
- өзіндік ерекшелігі;
- монтаждау;
- мазмұны қарапайым, нақты болуы.

### **5. Бейнероликтерге қойылатын талаптар:**

5.1. Байқау бейнероликтері келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- сапасы жоғары;
- MPEG-4 форматында;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- байқауға қатысушының бейнеролигінде қатысушы туралы ақпарат болуы тиіс;
- бейнероликтер YouTube арнасына жүктеледі, өтінімде сілтеме орналастырылады.

### **6. Қорытынды шығару, женімпаздарды марапаттау**

6.1. «Менің қауіпсіз әлемім» республикалық бейнероликтер байқауының қорытындысы әр бағыт (3.1. тармақ) бойынша I, II, III жүлделі орындар белгіленеді.

6.2. Байқаудың республикалық кезеңінің женімпаздары Институттың дипломдарымен марапатталады.

6.3. Байқау қорытындылары мен женімпаздардың материалдары Институт <http://irrd.kz> сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

**Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-52**

*1-қосымша*

**облысынан**

**«Менің қауіпсіз әлемім»  
Республикалық бейнероликтер байқауына қатысу  
өтінімі**

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы (МДҰ Жарғысына сәйкес)	
Облыс, аудан, елді-мекен атауы (толық)	
Педагогтің (жұмыс авторының) Т.А.Ә.	
Педагогтің (жұмыс авторының) байланыс телефоны	
Бейнеролик орналастырылған YouTube арнасындағы сілтеме	